

"Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық тұрғыдан қорғау" туралы Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 30 наурыздағы N 297 бүйріғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 9 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2798. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бүйріғымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бүйріғымен.**

Қазақстан Республикасының "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңының 24-25 бабына сай бүйірамын:

1. "Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық тұрғыдан қорғау" туралы Санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары бекітілсін.

2. Осы бүйрік Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден етken күнінен бастап күшіне кіреді.

### ***Министр***

Қазақстан	Республикасының		
Денсаулық	сақтау		
2004	жылғы	30	наурыздады
N 297 бүйріғымен бекітілген			

**"Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық тұрғыдан қорғау" жөніндегі**

**Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар 1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық тұрғыдан қорғауды қамтамасыз ететін осы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар (әрі қарай - Ережелер) Қазақстан Республикасының аумағында меншік түріне қарамастан жеке және занды тұлғаларға арналған.

2. Осы Ережелерде мынандай терминдер қолданылады:

1) аурумен қарым-қатынаста болғандарды анықтау -

медициналық-санитарлық шараларды қолдану үшін аурумен қарым-қатынаста болғандарды анықтайдын үрдіс;

2) санитарлық-карантиндік бақылау - республика аумағына жүқпалы, паразитарлық ауруларды, сондай-ақ, адам денсаулығына қауіпті деген заттарды және өнімдерді өткізбеу үшін мемлекеттік шекарадан өтетін адамдарға және жүктеге бақылау жасау;

3) жүқпалы аурулар - адамдардың өмір сұру ортасында биологиялық факторларының әсерінен пайда болатын және таралатын аурулар;

4) медициналық (санитарлық) тексеріс - медициналық-санитарлық күжаттарды, көліктерді, керек болған жағдайда экипажды (бригадаларды) және жолаушыларды медициналық тексерістен өткізу; зертханалық тексеріс жүргізу үшін сыйналарды алу;

5) медициналық бақылау - медициналық қызметкерлер арқылы жүқпалы аурулармен ауырған аурумен қарым-қатынаста болған адамдардың арасынан ауырғандарды тауып, оқшаулау үшін жүргізілетін құн сайын жүргізілетін бақылау;

6) контейнер (жүк контейнері) - тасымалдау құралдарының түрі;

7) көлікке жүргізілетін медициналық-санитарлық тексеріс - көліктерді медициналық-санитарлық тұрғыдан жүргізілетін тексеріс, мұның ішінде медициналық күжаттарды тексеру де кіреді;

8) порт - теңіздегі немесе іштегі өзен-су жолдарындағы порт;

9) онашалау шаралары, оның ішінде карантин - жүқпалы аурулардың таралуына жол бермеуге бағытталған шаралар және шаруашылық тұрғысынан басқа да жағдайларды қарастыратын ерекше тәртіп;

10) кеме - теңіз арқылы немесе ішкі өзен-су жолдары арқылы халықаралық қатынас жасайтЫН кеме;

11) көліктің тұрлери - мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, тауарларды немесе жануарларды таситын жылжу құралы;

12) індет - жүқпалы аурулардың әдеттегі аурушандық деңгейінен күрт көп есіп, тарапалуы;

13) экипаж - көлікте жұмыс атқаратын қызметкерлер.

3. Осы Ережелер мынандай ауруларды болдырмауға бағытталған: тырыскақ, оба, сары безгек (карантиндік аурулар); вирустық қызбалар: (Ласса, Марбург, Эбол, Хунин, Мачупо); менингококтық жүқпалар, энцефалопатияның спонгиолық тұрлери, маса арқылы таралатын безгек және басқа да адамға деген қауіпті жүқпалы аурулар (Денге, Чикунгунья, Рифт жазығындағы, Батыс Нілдегі безгектер, жылқылардың энцефаломиелиті-батыс, шығыс американлық, венесуэлалық тұрлери, энцефалиттің жапондық, калифорниялық, Сан Луїлік, Мюррей жазығындағы тұрлери), ИЖПС, өкпенің өзгеше қабынуы.

4. Республика аумағын санитарлық тұрғыдан қорғау, 3-бапта көрсетілген жүқпалы ауруларды шет елдерден әкелуіне, ауру орын алған күнде оның таралуына жол бермей, таралу аумағын шектеп, ошактарын жоюды қамтитын жалпы мемлекеттік шаралар жүйесіне жатады

Осы Ережеде көрсетілмеген жүқпалы аурумен ауырған адам анықталған жағдайда, барлық шаралар, оның ішінде шетелдік көліктер мен шетелдік азаматтарына байланыстылығы республика аумағындағы нормативтерге және заңдар жиынтығына сай жүргізілуі керек.

5. Қазақстан Республикасының аумағын санитарлық тұрғыдан қорғау жұмыстарын жүргізу - Мемлекеттік шекара дағы өткізу пункттерінде халықаралық қатынастағы көліктің барлық түрлерінде және Мемлекеттік шекарадан жаяу өтетін адамдарға іске асырылатын ұйымдастырушылық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-профилактикалау және індектке қарсы шараларды қарастырады.

6. Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің уәкілетті органдары өзіне бағынышты аумактарда, ведомстволарда (өзіне қарасты емес жүйе ішінде) халықты санитарлық тұрғыдан қорғау шараларының орындалуын медициналық қызметтер арқылы іске асырады.

7. Республика аумағын санитарлық тұрғыдан қорғау шаралары әрбір әкімшілік аумағында денсаулық сақтау органдары арқылы өзірленеді. Ол жүқпалы және паразитарлық аурулардың алдын алуға бағытталған кешенді жоспардың құрамына енеді. Эпидемиялық және жергілікті жердегі жағдайдың өзгеруіне байланысты бұл жоспарға тиісті өзгерулер енгізіліп отырылады.

8. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы уәкілетті органы қолданыстағы тәртіпке сай, шет елдердегі және республика аумағындағы эпидемиялық жағдайдың өзгергендігі туралы жедел ақпаратты таратып, індектке қарсы шараларды жүргізуі үшін, оны аумактың денсаулық сақтау органдарына, ведомстволық медициналық, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерге сондай-ақ, басқа да министрліктер мен ведомстволарға жіберіп отырады.

9. Осы ереженің талаптары орындалатын ауру бұрын болмаған шет елдік аумактарда жүқпалы ауру пайда болғанда, ондағы консульство заңдар жиынтығына сай жұмыс атқарады.

10. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы уәкілетті органы республика азаматтары шет елге шығарда ауруға қарсы егу керектігі көрсетілген елдердің тізімін жасап, ол тізімді және оған қосылған өзгерістерді жергілікті денсаулық сақтау органдарына, ведомстволық медициналық қызметтерге, сондай-ақ, азаматтарын шет елге жіберуді ұйымдастыратын министрліктерге, агенттіктерге, комитеттерге, қоғамдық үйымдарға, ведомстволарға жібереді.

11. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы уәкілетті органы белгіленген тәртіпке сай жүқпалы ауруларды халықаралық эпидемиологиялық тұрғыдан қадағалау жөніндегі мәселе бойынша сыртқы байланысты жасай отырып, Халықаралық медициналық-санитарлық ережелердің орындалуын жүзеге асырады; осы Ережелердің талаптары таралатын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына, дипломатиялық арнаулы уәкілдіктерге және аумақтағы шет ел мемлекеттерінің консульстволарына аурушаңдықтың эпидемиологиялық, эпизоотикалық жағдайлары туралы хабарлайды.

12. Осы Ережелерде қарастырылған талаптар орындалмаған жағдайда, көліктердің, жеке тұлғалар мен шет ел азаматтарының елден шығуна-келуіне, республика аумағына жүктедің, заттардың әкелінуіне, әкетуіне тыйым салынады, сондай-ақ, халықаралық пошта жұмысы шектеліп немесе мұлде тоқтатылады.

13. Қазақстан Республикасының немесе шет елдік мемлекет аумағында аса қауіпті, вирустық және паразитарлық жүқпалы аурулардың таралуы жөнінде қатер төнген жағдайда, Үкіметтің шешімі бойынша Мемлекеттік шекара арқылы қатерлі участкермен байланыс жасау уақытша тоқталып, Мемлекеттік шекарадан өтетін адамдарға, жануарларға, жүктеген, көліктерге карантиндік шектеу қойылады.

## **2. Халықаралық байланыс жасайтын көлік тұрлеріне және Мемлекеттік шекарадан өткізу пункттерінде жүргізілетін шаралар**

14. Шет елге жіберілетін халықаралық байланыс жасайтын көліктер мынандай жағдаймен қамтамасыз етіледі:

1) шетелге жіберілетін көліктерді санитарлық-эпидемиологиялық тұрғыдан дағындау;

2) осы Ережелерде көрсетілген аурулардың алдын алу және олармен құресу мәсесесі бойынша көлік тұрлерінің экіпаждары (бригадалары) арнайы дайындықтан өткізіледі (дайындықты медициналық ұйымдар жүргізуі керек);

3) экіпаж мүшелері (бригадалар) мен жолаушылар сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;

4) көлік тұрлерін, порттың нысандары мен аумағын, стансаларды кеміргіштер және буынайқылардан қорғау, көрсеткіштер бойынша (әуе, теңіз және өзен кемелерінің рейстерінде, теміржол құрамында) дератизация және дезинсекция шараларын жүргізу.

15. Әуе және теңіз кемелерінің командирлері мен капитандары, автостанция, жолаушы поездарының бастықтары:

1) жолаушылар немесе экипаж мүшелерінің (бригадалардың) арасында жұқпалы ауруларға құдікті дегендері анықталғанда жоғарғы әкімшілікке, сондай-ақ, порттарға, авто және темір жол стансаларына санитарлық-карантиндік (теніз, өзен, ауа жолдарындағы) пункттеріне, мәлімет беріп, кеміргіштер мен қосқанатты жәндіктердің болуы туралы хабарлауы керек;

2) жол жүру барысында індепті болдырмау үшін алғашқы санитарлық-эпидемиологиялық (алдын алу) шараларын жүргізіп, сонымен бірге ауруы анықталған ауру адамды уақытша оқшауладап және көліктегі адамдардың денсаулығын бақылау аралық керек;

3) поездардың бастықтары мен кемелердің капитандары заарсыздандыру, дезинсекция және дератизация шараларын жүргізіп, өліп қалған, ауланып ұсталған кеміргіштерді жинап, сақтап, жақын мандағы портқа жеткізулері керек.

16. Жұқпалы ауруларға құдікті дегендердің негізгі симптомдары мынандай болып келеді: тырысқақ (дененің қызығы -37<sup>0</sup> С және одан да жоғары болуы), жөтелу, іштің өтуі, құсу, денеде бөртпенің пайда болуы, лимфалық түйіндердің үлкеюі, сарғаю, қан құйылу және қанның кетуі, сонымен қатар, міндепті түрде эпидемиологиялық көрсеткіштер ескеріледі.

17. Көлік елге келердің алдында порттың, теміржол, автокөлік стансаларының әкімшілігіне төменде көрсетілген қызметкерлері арқылы мынандай хабарды (мәліметті) береді:

1) медициналық-санитарлық декларацияның шешіміне сай - теңіз және өзен кемелерінің капитандары;

2) жалпы медициналық-санитарлық декларациясының шешіміне сай - әуе кемесінің командирлері;

3) осы санитарлық ережеде көрсетілгенде жолаушылардың арасында ауруға құдіктілер бар болғанда, немесе кеміргіштердің өлімі орын алғанда - жолаушы таситын поездардың бастықтары;

4) осы санитарлық ережеде көрсетілгенде жолаушылардың арасында ауруға құдіктілер бар болғанда халықаралық автобустардың жүргізушилері.

Порттардың, теміржол және автокөлік стансаларының әкімшілігі алғынған ақпаратты тез арада шекарадан өткендердің мемлекеттік қоргауды бақылайтын медициналық ұйымдарға жеткізеді.

18. Осы ережеде көрсетілген талаптарға сай жолаушылардың арасында ауру белгілері немесе кеміргіштердің өлімі, масалардың барлығы анықталса келген көлік, оның экипажы (бригадасы), жолаушылары, әкелген жүгімен мемлекеттік шекарадан өткізу пунктінде медициналық (санитарлық) тексерістен өтеді.

19. Көліктік транспортпен келгендерді медициналық (санитарлық) тексерістен өткізу мыналарды қамтиды:

1) ауруды (ауруға деген күдіктіні) анықтау үшін, экипажды (бригаданы) және жолаушыларды сұрау арқылы жағдайын біліп, медициналық тексеріс жүргізеді;

Осы Ережеде көрсетілгендей аурулармен ауырады-ау деген күдіктілер ауру ретінде саналып, олардан жүқпаның тарапмауын болдырмау үшін жүргізетін шаралар толық мөлшерде жүргізіледі;

2) теңіздегі медициналық-санитарлық декларациясын, ая а кемесінің медициналық-санитарлық бөлімінің декларациясын және дератизация (дезинсекция) жүргізілгені туралы күеліктерін немесе ондай шараларды жүргізуден босатылғаны туралы құжаттарды тексереді;

3) жол жүру маршрутын анықтау үшін (эпидемиялық көрсеткіштерге қарап) төлкүжаттары мен билеттерін тексереді;

4) көлік түрлерін, жүктерді, оның ішінде контейнерлер мен лихтерларды санитарлық тұрғыдан тексеру үшін:

жүк қабылдаушы тарапынан қаптама ашылғанда немесе қаптама бұзылған жағдайда контейнерлер мен лихтерларға Мемлекеттік шекара дағы өткізу пунктaryнда санитарлық тұрғыдан тексеріс жүргізеді. Егер контейнерлер мен лихтерларды өткізу пунктына алып келіп, ашқаннан кейін, жүк қабылдаушы оның ішінен кеміргіштерді, буынаяқтыларды немесе олардың осы жерде болғандығы туралы деректерге сүйене отырып, бұл туралы аймақтық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың мемлекеттік органына хабарлауы

ке ре к .

20. Медициналық (санитарлық) тексеріс Мемлекеттік шекараның өткізу пунктінде бірінші болып өткізіліп, басқа шаралардан бұрын жүргізіледі. Шет елден келген көліктерге медициналық (санитарлық) тексеріс жүргізу біткеннен және індettі болдырмау шаралары жүргізілгеннен кейін шекаралық, кедендік бақылаудар жүргізіледі.

Індettің тарапамауына бағытталған шаралар транспорттан басқа жерде (анықталған ауруды уақытша вокзалдың медпунктінде ұстағанда) жүргізілсе, ауруға тиісті заттар кедендік бақылау пунктінде оның иесі бақылаудан өткізгенше санитарлық-карантиндік пунктте сақталады.

21. Мемлекеттік шекара дағы өткізу пункттерінде медициналық (санитарлық) тексерістерді мынандай жерлерде жүргізеді:

1) халықаралық теңіз, өзен және аэропорттарында, халықаралық автотрассаларда мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің аймақтық басқармасының санитарлық-карантиндік пункттерінің күшімен жүргізіледі;

2) шекара дағы теміржол стансаларында-транспорттағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының санитарлық бақылау пункттерінің күшімен жүргізіледі.

22. Медициналық (санитарлық) тексеріс жүргізетін лауазымды адамдар жұмыс қуәлігін көрсеткеннен кейін екипаж мүшелері (бригадалар) мен жолаушылар және халық денсаулығына қауіпті жүк орналасқан үй-жайларға, көлікке емін-еркін кіру құқығына ие болады.

Медициналық тексеріс жүргізілгеннен кейін, керек болған жағдайда індектек қарсы шаралар жүргізіліп болғаннан соң көлікке емін-еркін қозғалуға рұқсат беріледі.

23. Мемлекеттік шекарадағы өткізу пунктінде көлікке, жүкке бақылау жасайтын адам шекаралық әскери, кедендік және басқа да органдар орналасқан бақылау-өткізу пункттерінде жүқпалы аурулардың белгілері анықталған ауруға тексеріс жүргізуге көмектесіп, осы пункттегі медициналық (санитарлық) тексеріс жүргізетін үйымына әрбір анықталған ауру туралы хабарлайды.

24. Әуе кемелері мен поездар, теңіз және өзен кемелерінің басшыларынан жүқпалы аурулардың белгілері, масалар, өлген кеміргіштер туралы ақпарат түспеген жағдайда, оларға медициналық үйымдардан емін-еркін жүруіне рұқсат беріледі.

Мемлекеттік шекарадағы өткізу пунктінде бақылау жасайтын шекаралық әскери, кедендік және басқа да органдар аурудың барлығы туралы ақпарат бермеген жағдайда, теміржол және автомобиль көліктегі медициналық тексерістен өтпейді.

25. Медициналық үйымдар эпидемиялық жағдайды анықтау үшін көліктеге таңдау арқылы медициналық (санитарлық) тексеріс жүргізеді.

26. Осы Ережелер талаптары жүретін ауруларға құдіктілерді анықтағанда індектек қарсы жүргізілетін шаралар мынандай жағдайды қамтуы керек:

1) диагнозын анықтап, артынан ауруханаға жатқызу үшін ауруды жедел түрде уақытша оқшалады;

2) ауруды ауруханаға жатқызбастан бұрын, оның жанында ағымдағы заарсыздандыру жұмысын жүргізуі үйымдастыруды;

3) кеңесші-дәрігер арқылы алдын ала қойылған жүқпалы ауруға деген құдік расталса, осы Ережелердің III, IY тарауларындағы 3-бапқа сай шаралар жүргізілуі кереек.

27. Көліктерде, бөлмелерде және көліктік обьектілердің аумағында дератизация мен дезинсекция шаралары жүргізіледі.

28. Тырысқақ, оба және басқа да жүқпаларға құдікті белгілері бар ауру адам анықталған көліктер 3 пунктте көрсетілгендей жолаушылар және жүктөрімен бірге індектек қарсы шараларды жүргізу мақсатында санитарлық айлаққа жіберіледі (санитарлық тұрақ, санитарлық алаң, санитарлық тұйық жер).

29. Санитарлық індектек қарсы (аурудың алдын алуға арналған) шаралар көлік құралдарында мүмкіндігінше тез басталады.

30. Осы ережемен қаастырылған шаралардың белгіленгені туралы санитарлық-карантин пункті көлік әкімшілігіне хабарлайды.

Мұндай шаралар әуе көлігіне қолданғанда, ол туралы мәлімет әкімшіліктің өтініші бойынша, әуе көлігінің жалпы декларациясының санитарлық бөліміне жазылады. Санитарлық-карантин пункті жолаушылардың (екипаж, бригада мүшелерінің) сұрауы бойынша келіп, кеткен уақыты және оларға қолданылған шаралар жөнінде күәлік береді.

31. Ауру жұқтырылған кеменің бортынан тысқа шықпайтын кеме жолаушылары мен экипаждарына да санитарлық індектке қарсы (аурудың алдын алу) 3 пунктінде көрсетілген шаралар қолданылады.

32. Осы Ережелерде қаастырылған медициналық тексерістен басқа, көліктің келіп тоқтаған жерде жүргізілген кез-келген шаралар келесі порттарда, егер жол жүрген кезде эпидемиологиялық маңызы бар деректер анықталып немесе жүргізілген шаралар тиімсіз болған жағдайда болмаса, қайталанбайды.

33. Кез-келген көліктің әкімшілігі санитарлық-карантиндік пункті белгілеген осы Ережелерге сәйкес шараларды орындаудан бас тартса, қозғалу еркіндігінен айырылып, кері қайтарылады, мұндай көліктің бортына отын, су және азық-түлік тиеге ғана рұқсат етіледі.

34. Жүктер және тауарлаға да осы Ережеде қаастырылған санитарлық-карантиндік бақылауға алынады, егер олар жұқпалы аурулар таралған жерлерден келсе және санитарлық-карантиндік пункт бұл жүктердің аталған аурулар қоздырғыштарын жұқтырғаны, оны таратуы мүмкіндігі туралы мәліметте ғана бар болса.

35. Жолаушылардың жүктері заарсыздандыруға немесе дизенсекциялауга жатады, егер жүктердің арасында ауруды жұқтырған материалдар немесе ауруды тасымалдаушы жәндіктер болса.

36. Халықаралық пошта арқылы жіберілген жөнелтпелерге санитарлық шаралар мынандай жағдайда, егер олармен төмендегі заттар жіберілсе: азық-түліктер, іш-киімдер, төсек әбзелдері, киімдер, аяқ киімдер, оба және тырысқақпен ауырғандардың (ауруға күдікті) қолданған немесе ластанған төсек әбзелдері.

37. Мемлекеттен көліктің барлық түрлерімен кететін, келетін және профилактикалық екпе жүргізуі талап ететін азаматтарға тиісті санитарлық-карантиндік пункттер вакцинациядан өткендігі немесе қайта вакцинация жүргізілгендігі туралы халықаралық қуәлігін тексеріп және оның мерзімінің өтпегендігін тексеруі керек.

Санитарлық-карантиндік бақылау жүргізу барысында олар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

### **3. Ауруларды сырттан әкелінуін және олардың таралуына жол бермейтін арнайы шаралар**

38. Тырысқақ ауруының сырттан әкелінуін және оның таралуын болдырымайтын шаралар :

1) осы Ережелер талаптарын қолданған жағдайда тырысқақ ауруының инкубациялық кезеңі 5 тәулік болып белгіленеді;

2) келген көліктегі тырысқақпен ауырған адам анықталған (күдікті) жағдайда төмендегідей шаралар жүргізіледі:

ауруды тез арада аурұханаға жатқызу;

жолаушыларды және экипаж (бригада) мүшелерін 5 тәуліктен аспайтын мерзімге оқшаулап, (эпидемиялық көрсеткіштері бойынша, жүқтүру қаупін ескере отырып) немесе медициналық бақылауға алу;

эпидемиялық көрсеткіштері бойынша азаматтарға (экипаж, бригада мүшелеріне, жолаушыларға) бактериологиялық, зертханалық тексеріс және профилактикалық емдеу жүргізу;

ауруды жүқтүрған деп есептелетін суды, азық-түліктерді (жүктен басқаларын), әжетхана қалдықтарын және жиналған қалдық суларды, басқадай қалдықтарды зарарсыздандыру және жою ;

3) шетелдік азаматтардан тырысқақ ауруын күәландыратын оның белгілері болған жағдайда бактериологиялық тексеру үшін материал (үлкен дәреті, құсығы ) алынаады ;

4) көліктегі тиелген жүк ретінде азық-түліктерді тасымалдау барысында тырысқақ ауруы орын алса, оған санитарлық-карантиндік бақылау жүргізіледі;

5) санитарлық ережелердің осы пунктінің 2), 3), 4) тармақтарында қаралған шаралар орындалғаннан кейін көліктеге еркін қозғалуға рұқсат беріледі.

39. Оба ауруының сырттан тасымалдануын және таралуын болдырмайтын шаралар :

1) осы Ережелер қолданылған жағдайда оба ауруының инкубациялық кезеңі - 6 тәулік болып белгіленеді ;

2) кемеде кеміргіштердің болмауы немесе жүргізілген дератизация кезекті дератизациядан босату туралы күәлігі немесе дератизация жүргізілгендердің туралы (қанағаттанарлықсыз қорытынды жағдайында күәлікте тиісті белгі қойылады) күәлікпен күәландырылады. Аталған күәлік 6 айға жарамды болып есептелінеді, бірақ портқа жіберілген кеме үшін жүгін түсіруге байланысты 1 айға ұзартылып, дератизация немесе тексеру жұмыстары жеңілдетіледі;

3) дератизациядан босату туралы күәлікті санитарлық-карантиндік пункттер береаді .

40. Дератизациядан босату туралы күелік, егер кемеге мұқият тексеру жұмыстарын жүргізу қамтамасыз етілген жағдайда (трюмнің іші бос болғанда немесе жүктөр ынғайлы орналасқан жағдайда) ғана беріледі. Танкер толық тиелген жағдайдың өзінде де тексерілуі керек.

41. Кемеде дератизация жүргізілгендігі немесе дератизациядан босатылғандығы туралы күелігі болмаған жағдайда, тексеруден кейін кеміргіштерден немесе олардың өмір сүру белгілері байқалса, кемеге мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары немесе заарсыздандыру стансаларының күшімен дератизация жұмысын жүргізу керек.

42. Кемедегі дератизация жұмыстары трюм бос болған жағдайда немесе кемеден жүкті түсіру мүмкіндігі жоқ болғанда жүргізіледі.

43. Кеме ауру жұқтырылған ауданнан келгенде, оның бортына ішінәра медициналық тексеру жүргізу барысында кеміргіштер немесе олардың өмір сүру белгілері байқалған жағдайда, кемеге дератизация және дезинсекция жұмыстары жүргізіледі.

Аталған шаралар әуежай кемелерінде, құрлықтағы көліктерде, лихтерлерде және контейнерлерде кеміргіштер немесе олардың өмір сүру белгілері байқалған жағдайда жүргізілуі керек.

Дератизация және дезинсекция шараларын жүргізу белгілегендеге санитарлық-карантиндік пункт көліктің иесіне жазбаша түрде хабарлайды.

44. Әуе кемесі немесе темір жол көлігі келген бетте оның бортында (темір жол көлігінде) обамен ауырған адам немесе обаны жұқтырған кеміргіш тышқан анықталған жағдайда, ауру көзі болып саналады.

45. Келген әуе кемесі немесе темір жол көлігі төмендегі жағдайда ауру жұқтыруға күдікті деп есептелінеді:

1) егер кеме бортында обамен ауырған адам болмаса да, бірақ соңғы алты күн ішінде (темір жол көлігі құрамында) борттағы жолаушылар немесе экипаж арасында обамен ауыру орын алған жағдайда;

2) белгісіз себептерден өлген тышқандар табылған жағдайда: көліктерді тексеру барысында өлген тышқандарды тауып алған медицина қызметкерлері тез арада тікелей індектеке қарсы режим талаптарын сақтай отырып, оларды жақын орналасқан обаға қарсы күресетін мекемеге жеткізеді;

3) егер бортта өкпе обасын жұқтыратын жерден келсе және ол жерде алты күндік оқшауланудан өтпесе, қауіпті адам болып саналады.

46. Жұқтырылған немесе жұқтыруы мүмкін деген күдігі бар, бортында өкпе обасы түрінен басқа түрімен ауырған (күдікті) адамдар анықталған әуе кемесі, сол сияқты темір жол немесе автомобиль көлігіне келген бетте төмендегідей шаралар жүргізіледі:

экипаж (бригада) мүшелеріне және жолаушыларға келген сәттен бастап 6

тәуліктік мерзімде эпидемиялық көрсеткіштері бойынша медициналық бақылау және профилактикалық емдеу жүргізу (соңғысы шетел азаматтарына олардың келісімімен **ғана жүргізіледі**);

жүктерге, төсек әбзелдеріне, аурулармен жанасуда болған адамдардың киімдеріне, көлікке заарсыздандыру және дезинсекция жұмыстары жүргізіледі.

47. Көлікте өкпе обасымен ауырған адам анықталғанда немесе экипаж және жолаушылар келгенге дейінгі 6 (алты) күн аралығында аталған аурудың орын алып, жүқтыру қаупін тудыруы, көлік экипажын және жолаушыларды б тәулік мерзімге оқшаулап, көмейдегі бактерия тасымалдаушылығын анықтау үшін бактериологиялық тексеру және профилактикалық емдеу жүргізуді (соңғысы шетелдік азаматтарға олардың келісімімен жүргізіледі) қажет етеді.

48. Көліктегі кеміргіш тышқандардың обамен ауыруы анықталған жағдайда санитарлық айлақта, тұрақта, аланда, тоқтайтын тұйықта дератизация және дезинсекция жұмыстары бір мезгілде жүргізіледі (кемеде - жүктен босатылған трюмдерде); кеміргіш тышқандардың таралып кетуінен сақтану мақсатында кемелерде бір немесе бірнеше дератизация жұмыстарын жүкті түсіргенге дейін және **түсіру кезінде жүргізу керек.**

49. 46, 47, 48 пункттерде көрсетілген шаралары орындалғаннан кейін көлікке еркін **қозғалуға рұқсат беріледі.**

50. Сары безгек ауруының сырттан әкелінуін болдырмайтын шаралар:

1) сары безгек ауруының инкубациялық кезеңі 6 тәулік деп саналынады;

2) көлік жол жүріп келе жатқан уақытта немесе тоқтағаннан кейін сары безгекпен ауырған (күдікті) адам анықталған жағдайда, оны ауруханаға жатқызу **ке реек;**

3) ауру таралған ауданнан келген әрбір көлік егер оның бортында масалардың барлығы туралы мәлімет болса, дезинсекция жүргізуі керек.

51. Вирусты қан қызбасының сырттан әкелінуін және таралуын болдырмауға **арналған шаралар:**

1) Ласса безгегі, Марбург ауруы, Эбол және басқа да қан қызбасы түрлерінің инкубациялық кезеңі 21 тәулік деп саналынады;

2) вирусты қан қызбасына деген күдіктілік туғанда немесе рейсте анықталған жағдайда **көлік елге келген бойда:**

ауру анықталған адам ол жерде оқшауланылады және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органы белгілеген жүқпалы аурулар ауруханасына індектеке қарсы режим талаптарын сақтай **отырып жатқызылады;**

ауруды оқшаулау (тасымалдау) қатал режим жағдайында жүргізіледі, мүмкіндігінше мықты қорғанышты қамтамасыз ететін жылжымалы оқшаулағышты **пайдаланады;**

оқшаулау немесе аурумен жанасуда болған адамдарға медициналық бақылау  
21 тәулік бойы жүргізіледі;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы  
уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сай заарсыздандыру  
жұмыстары жүргізіледі;

ауруды бактериологиялық түрғыдан тексеру үшін қажетті материалдарды  
індекте қарсы режим талаптарын қатаң сақтай отырып алып, жіберу керек;

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы  
уәкілетті органы анықтаған тізбеге сай эпидемиялық қауіпсіздігі жоғары  
дәрежеде қамтамасыз етілген мамандандырылған зертханаларда вирусологиялық  
және серологиялық зерттеу жүргізу керек.

52. Безгек және масалар арқылы берілетін басқа аурулардың сырттан  
әкелінуін және таралуын болдырмайтын шаралар:

1) безгек ауруы таралған елдерден келген әуе кемесіне әуежайға келісімен  
дезинсекция жүргізу керек;

2) безгек ауруы таралған жерлердегі порттардан кететін кемелер жұқпаны  
тасымалдаушы-масалардан тазартылуы керек; кемеде жұқпаны  
тасымалдаушы-масалар анықталған жағдайда, портқа келген бетте дезинсекция  
жүргізу керек;

3) құрлықтағы көліктер де ауру тасымалдаушы масалардан тазартылуы керек,  
егер олар кездескен жағдайда дезинсекция жүргізіледі;

4) әрбір келген көлікке дезинсекция жүргізу жұмысы жүкті түсіргенге дейін  
жүргізу керек;

5) безгек ауруы таралған мемлекеттерге баратын азаматтарға қарсы  
көрсеткіштің жоқтығы туралы медициналық анықтама беретін ұйымдар, баратын  
адамдарға профилактикалық шаралар жөнінде түсінік беруге тиіс;

6) ауру таралған мемлекеттерден қайтқан адамдардың ішінен безгекпен  
ауырған немесе паразиттерді тасымалдаушы адам анықталған жағдайда, оларды  
емдеу және химиялық профилактика жүргізу жұмысы халықтың  
санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті  
органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сай жүргізіледі.

#### **4. Қазақстан Республикасы аумағын санитарлық түрғыдан қорғау жөніндегі шаралар**

53. Осы Ережеде қамтылған, аурудың алдын алу және оған қарсы құрес  
жөніндегі шараларды кешенді жоспарларға сай халықтың  
санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдары  
, денсаулық сақтау ұйымдары және аумақтық мемлекеттік органдар және

мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қызмет ұйымдары ұйымдастырады.

54. Ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, әрбір медицина ұйымы оба, тырысқақ, вирусты қан қызбасының ауруларының ошақтарын оқшаулап және ондағы ауру көзін жою жөніндегі алғашқы шараларды жүргізуге қатысу үшін дайын болуы керек. Індектке қарсы дайындық әрбір медицина ұйымында індектке қарсы жүргізілетін алғашқы шаралардың жоспарында қаралып, қамтамасыз

е т і л у і

ке ре к .

55. Медицина ұйымдарының індектке қарсы дайындығында олардың материалдық-техникалық жабдықталуы, ауруларды ертерек анықтау жөніндегі шараларды ұйымдастыруға персоналдардың арнайы дайындығы, аса қауіпті жүқпандың ошақтарын оқшаулау және жою қарастырылады. Медицина ұйымдарының дайындығын төмендегілер көрсетеді: жүқпалы ауруларға арналған және уақытша госпитальдарды, оқшаулағыштарды (аурулар бірен-сара болып немесе жаппай ауырғанда) орналастыру үшін үй-жайларды бөлу, қолданысына қарай өзгерту және паспорттау, тырысқақ ауруларын емдеу үшін интенсивті палаталарды, обсерваторларды, мамандандырылған зертханаларды, қажетті дәрі-дәрмек қорымен және заарсыздандыратын заттармен, медициналық және тұрмыстық құралдарымен жабдықтау, кеңесшілерді, көліктерді бекіту.

56. Барлық медициналық мекемелердегі медицина қызметкерлері, осы Ереже талаптары таралатын аурулардың эпидемиологиясы, клиникасы және ауруды анықтау профилактикалау, емдеу жүргізу және ауру ошақтарында індептің алдын алу шараларын ұйымдастыру жөнінде теориялық және практикалық дайындық

е т к і з і л у і

ке ре к .

Дайындық ауру ошағындағы атқаратын лауазымдық қызметін, мамандығын ескере отырып, дифференциалды түрде өткізіледі.

57. Аумақтық және ведомстволық медициналық ұйымдары тұрғындар арасында осы Ереже талаптары таралатын аурулардың алдын алу үшін санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді.

58. Аумақтық және ведомстволық денсаулық сақтау ұйымдары белгіленген тәртіп бойынша халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдары төмендегілерді хабарлауға тиіс:

1) осы Ереже талаптары таралатын аурулармен ауыратындарды (кудіктілерді) а н ы қ т а ғ а н ы т у р а л ы ;

2) тырысқақ, оба, безгек ауруларының қоздырғыштарын тасымалдаушыларды а н ы қ т а ғ а н ы т у р а л ы ;

3) шетел азаматтарын оқшаулағаны туралы;

4) қоршаған орта нысандарынан, жануарлардан, оның ішінде буынайқылардан тырысқақ және оба ауруларының қоздырғыш бактериялырынан бөлінгені туралы.

59. Барлық аумақтарда медициналық көмек сұраушыларға көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде, сол сияқты шетелден келетін адамдарды орналастыру үшін бөлінген ұйымдардағы қызмет көрсететін персоналдардан ақпарат жинау арқылы белсенді түрдегі ауруларды (күдіктілерді) анықтауды қамтамасыз етеді.

60. Жүқпа орын алған мемлекеттерден келген азаматтарға, З бапқа сай профилактикалық шаралар ретінде медициналық бақылау жүргізілмейді, ондай шаралар тек қана жекеленген жағдайда, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы үәкілетті органдардың нұсқауымен белгіленеді. Безгек ауруы таралған мемлекеттерден келген азаматтарға бақылау белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

61. Медициналық бақылауға алынуға тиісті адамдар туралы санитарлық-карантиндік пункттер тиісті емдеу профилактикалық ұйымдарына ақпарат жібереді, сол сияқты олардың уақытында орындалуына және сапасына қадағалау жүргізді.

62. Медициналық бақылауға алынуға тиісті адамдар тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша емдеу профилактикалық ұйымдарына керек болған жағдайдада шақырылады.

Аурулардан қажет болған жағдайда, белгілі бір ауруға байланысты оның инкубациялық кезеңінде, жүрген жолын, тұрақты немесе уақытша тұратын мекен-жайын анықтап, іссапарға жіберген немесе қабылдаушы ұйымның атауын анықтайады.

63. Медициналық бақылаудағы адамдар оқшауланбайды және олардың еркін түрде жүріп-тұруы шектелінбейді.

64. Оба, тырысқақ, безгек, вирусты қан қызбасы анықталған жеке үйлер, елді мекендер немесе оның жекеленген бөліктері аталған аурулардың ошақтары болып саналады.

65. Індепті болдырмауға арналған ауру ошағында жүргізілетін шараларға мыналар жатады:

1) аумақтық медициналық ұйымдар мен ведомстволық медициналық қызмет арқылы ауруларды (ауруға күдікті дегендерді) және олармен қарым-қатынаста болған адамдарды белсенді түрде анықтау;

2) ауруларды ауруханаға жатқызу және емдеу; көрсеткіштер бойынша - аурулармен қарым-қатынаста болғандарды оқшаулау; ауру ошағындағы және одан тыс жерлерге шығатын адамдарға медициналық бақылау, профилактикалық емдеу және тексеру жүргізу; заарсыздандыру, дезинсекция және дератизация жұмыстарын - аумақтық денсаулық сақтау органдар және ведомстволық медициналық қызмет арқылы жүргізу;

3) ұйымдастыру шаралары, барлық қажетті материалдық заттарды және көліктерді дайындау қарастырады;

4) пошта арқылы жіберілетін жүктөр, тауарларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар меншік түрінің барлық түрлеріне жататын қалаараптың тасымалдаумен айналысатын ұйымдар арқылы жүргізіледі;

5) ауру ошағынан тыс, жүқпаның таралуын тудырмайтын жерлерге тағам өнімдерін, шикізаттарды өндіру, сату және тасымалдау, сауда жасау жағдайларын - сату және тұтыну саласындағы мемлекеттік уәкілдегі органдар мен занды және жеке тұлғалар қамтамасыз етеді;

6) тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуді және жиналған қалдық суларға заарсыздандыру жүргізуді министрлік пен ведомствоның ұйымдары жүргіздеді;

7) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың талаптарын орындау - меншік түріне қарамастан барлық ұйымдарға және жеке тұлғаларға міндет.

66. Егер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара дағы өткізу пункттері арқылы шет мемлекеттерден З бапта көрсетілген жүқпалы аурулардың сырттан өкеліну және таралу қаупі туған жағдайда төмендегі шектеу шаралары енгізіледі:

1) жүқпалы аурулар таралған елдермен жолаушыларды тасымалдау көлік (әуе, темір жолдары, су және көлік арқылы) қатынасын тоқтату;

2) жүқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық тұрғыдан тұрақсыз елдерге Қазақстан Республикасы азаматтарының туристік және іссапарлармен баруын уақытша тоқтату;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасымен шекаралас жүқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық тұрғыдан тұрақсыз елдерге шекараны уақытша жабу.

67. 66-баптың 1)-3) бағандарында көрсетілген шектеу шаралары халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілдегі органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен енгізіліп, керегінде алғанып тасталынады.

68. Осы санитарлық ережелер арқылы бекітілген жүқпа аурулардың тізіміне сай жүқпалы аурулар (эпидемия) орын алғанда елді мекендердің (ауыл, поселке, қала) аумағындағы сәйкес аумақтардағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы атқарушы органдар арқылы мынандай шектеу шаралары іске асырылады:

1) жүқпалы аурулардың таралуына көз болып табылатын және олармен байланыста болған адамдарды, олардан зертханалық жолмен теріс қорытынды алғанға шейін жұмыстан босату;

2) жүқпалы аурулардың көзі болып табылатын адамдарды міндетті түрде ауруханаға жатқызу;

3) жұқпалы аурулармен қатынаста болғандарды эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша аурудың инкубациялық мерзіміне сай уақытша ауруханаға жатқызу;

4) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтер бұзылған жағдайда жұмыстың кейбір түрлерін және Қазақстан Республикасында заңдар жиынтығымен бекітілген тәртіп бойынша жұмыс атқаратын нысандарды пайдалануды тоқтату.

Бұған қоса, сонымен бірге санитарлық және індектке қарсы (алдын алу) шаралары Қазақстан Республикасында заңдар жиынтығымен бекітілген тәртіpte жүргізіледі.

69. Облыстың (республикалық мағынасы бар қалаларда, астанада), ауданның (облыстық мағынасы бар қалаларда) кейбір аумақтарында жұқпалы аурулар эпидемиялық сипат алса, шектеу шаралары, оның ішінде карантиндік шаралар Қазақстан Республикасының "Төтенше жағдай туралы" Заңына сай жүргізіледі.

70. Осы санитарлық ереже арқылы бекітілген жұқпалы аурулардың тізбесіне сай жұқпалы аурулар (эпидемия) тіркелген жағдайда халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы атқарушы органдардың аумақтық белімшелері белгілі бір нысандарда төмендегі шектеу шараларын жүргізеді:

1) мектеп жасына дейінгі ұйымдарда жаңадан балаларды алуға және бір топтан екінші топқа ауыстыруға тыйым салынады;

2) мектептерде кабинеттік оқыту жүйесіне тыйым салынады;

3) жұқпалы аурулардың көзі болып табылатын және тарататын адамдар, сондай-ақ жұқпалы аурулармен қатынаста болғандар зертханалық тексеріс қорытындысы теріс болғанша жұмыстан босатылады;

4) жұқпалы аурулармен инкубациялық мерзім кезеңінде қатынаста болған адамдар міндетті түрде ауруханаға жатқызылады, ал эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша олар уақытша жатқызылады;

5) бір белімнен екінші белімге ауыстыруға немесе ауруларды ауруханадан шығаруға болмайды;

6) Қазақстан Республикасының заңдар жиынтығымен бекітілген тәртіп бойынша санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің талаптарының бұзылуы жойылғанша нысандар және оның белімшелері жұмысын тоқтатуы көреек.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңдар жиынтығымен бекітілген тәртіп бойынша жоғарыдағылармен қоса, санитарлық және індектке қарсы (аурудың алдын алуға арналған) шаралар жүргізіледі.

71. Халықтың ұйымдастырылған контингенттерін тәрбиелейтін, оқытатын,

тұрғызатын, дем алдыратын және емдейтін нысандарында (білім беру, емдеу-профилактикалық ұйымдарында, еңбек ету және дем алу лагерлерінде, жазғы сауықтандыру ұйымдарында) карантиндік шаралар ұйымдастырылады.

72. Кейбір нысандардағы шектеу, оның ішінде карантиндік шаралар тиісті аумақтық (көліктегі) мемлекеттік санитарлық бас дәрігерінің немесе оның орынбасарының шешімімен енгізіліп немесе алынып тасталынады.